

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты, Назарбаев Н,Ә, 2012 ж; <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
3. Boosting Kazakhstan's National Intellectual Property System for Innovation. (2016). OECD Publishing; 87, 126 p.
4. JET. SCOPUS International Journal: Emerging Technologies in Learning. [The Use of Virtual Reality in Geo-Education]. Nurzhanat Dalelovna Shakirova, Nidal Al Said, Svetlana Mihailovna Konyushenko. Vol. 15, No. 20, 2020. <https://online-journals.org/index.php/i-jet/article/view/15433>
5. «Бөбек» ҰҒПББСО «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім теориясы мен мазмұны лабораториясының жетекші ғылыми қызметкері Әкімбаева Ж.Ж., «Білім беруді ізгілендіру-бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу негізі» 2015 ж, 2-бет;
6. «Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау» Оқу-әдістемелік құрал; Назарбаев интеллектуалдық мектебі ААҚ ПШО кітапханасы, 2015, 32-б, 36-б;
7. Mercer, N. (2005). Sociocultural discourse analysis: analysing classroom talk as a social mode of thinking [Әлеуметтік-мәдени сұхбат: сыныпта талқылауды талдау – ойлаудың әлеуметтік түрі]. Journal of Applied Linguistics, 1 (2), 137-168;
8. Гальперин П.Я., Запорожец А.В., Эльконин Д.Б. Проблемы формирования знаний и умений школьников и новые методы обучения в школе// Вопросы психология. – 2003, -№5;
9. Венгер А.Л., Цукерман Н.К. Схема индивидуального обследования детей младшего школьного возраста – Томск, 1993, 18-б;
10. Black, P., & Wiliam, D. Inside the black box: raising standards through classroom assessment [Қара жәшіктің іші: сыныпты бағалау арқылы стандарттарды арттыру]. 80 (2) 139-148;

ӘОЖ 372

МЕКТЕПТЕГІ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ҮЙІРМЕЛЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Қанатұлы Нұрасыл

nurasylqanatuly@gmail.com

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі: М.Н. Мусабаева

Заманауи білім беру жағдайында оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарға белсене қатысуы маңызды процесс болып отыр. Қосымша тәрбие жұмысының маңызды бағыттарының бірі ретінде – мектептегі географиялық үйірмелерді қарастыра аламыз. Бұл үйірмелер студенттердің география ғылымдарын тереңдетіп оқуына, ой-өрісін кеңейтіп, сыни ойлауын дамытуға бірегей мүмкіндік береді. Географиялық үйірмелер студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал етумен қатар, студенттер арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыруға, қоршаған әлемді зерттеуге қызығушылықты оятуға және оларды жаһандық құндылықтармен таныстыруға ықпал етеді. Бұл мақалада географиялық үйірмелер жұмысының негізгі принциптерін, олардың оқушылардың дамуына әсері мен қазіргі мектеп тәжірибесінде олардың қызметін кеңейту мүмкіндіктерін қарастырамыз.

Бүгінде әрбір ата-ана баласын заманға сай жан-жақты, өнерлі етіп өсіргісі келеді. Сол себепті кішкене күнінен түрлі қосымша үйірмеге қатыстырады. Оған қатысу арқылы бала белгілі бір өнерді үйреніп, білімді меңгеріп қана қоймай, қоғаммен араласады. Қатарластары арасында өзіне деген сенімділігі артады. Айта берсек, үйірменің балаға берері көп-ақ. Жас жеткіншектің интеллектуалды дамып, кәсіби бағдарлануына да мектептен тыс білім беру жүйесінің тигізер үлесі ерекше.

Мен тәмамдаған мектепте ешқандай географиялық үйірмелер болмады. Тек Ұлттық бірінғай тестілеуге жалпылама дауындау мақсатында ғана ұйымдастырылған үйірмелер

болды. Олардың тек жоғарғы сынып оқушыларна арналған болатын. Ал география пәні көптеген қызықты тақырыптар мен экскурсияларға толы. Географиялық табиғат құбылыстары біздің планетамызда болып жатқан формалар мен процестердің әртүрлілігін көрсетеді. Ауқымды климаттық өзгерістерден бастап ең кіші геологиялық процестерге дейінгі ауа райы құбылыстары ландшафттарды, экожүйелерді және өмір сүру жағдайларын қалыптастырудағы маңызды факторларға оқушылардың қызығушылығы оянбауы мүмкін емес. Себебі санасы енді жетіліп келе жатқан балалар үшін табиғаттың әр жасырған сыры, ашылмаған бағалы сандық іспеттес көрінеді. Ал географиялық үйірмелер дәл сол құбылыстарға немесе басқа да географиялық объектілер мен тақырыптарға қосымша анықтама беріп қана қоймай, оған баланың қызығушылығын оятуға ықпал етеді.

Жалпы мектеп географиясында оқушылардың танымдық қызығушылығын оята алатын келесідей үйірмелерді қарастыра аламыз:

- * Баяндамалар
- * Экскурсиялар
- * Географиялық көрмелер
- * Өлкетану жұмыстары
- * Географиялық апталықтар мен кештер

Баяндама - ең оңай және сонымен қатар қызықты жұмыс. Географияның көпсалалы пән екеін ескерсек, оқушылардың әртүрлі географиялық тақырыптарға жасайтын баяндамаларын пайымдауға болады. Ең алдымен тақырып таңдау барысында, материалдардың жеткіліктілігін тексеру маңызды. Бұл жағдайда тиісті кітаптар немесе интернет ресурстарын ұсыну қажет. Мысалы 5 сынып оқушысына ғылыми кітап беру қате шешім болар еді. Немесе оңай мазмұндағы бірнеше кітаптарды беру де жақсы әрекет емес. 5-6 сынып оқушылары үшін кітаптың, бір мақаланың немесе бір брошюраның өзі де толық жеткілікті. 7-сынып оқушыларына екі кітап беруге болады, бірақ олар балалар әбден түсіне алатын кітаптар болуға тиіс. Оқушылардың баяндамасы дегеніміз – мазмұны

баяндамашының тақырыбына сәйкес келетін кітаптың тиісті тарауын немесе сондай бір мақаланы қайта айтып беру. Егер баяндамашы үлкейтіп өзі сызған чертеждарды, суреттерді немесе өзі жасаған модельдерді, коллекцияларды, тәжірибелерді, т.с.с. көрсете отырып, өзінің баяндамасын иллюстрациялайтын болса, бұл өте тиімді болмақ.

Экскурсия - жеке тұлғаның немесе топтың уақытша болатын танымдық мақсатта объектілерді барып көруі. Сыныптағылардың бәрі бірігіп өткізуге мүмкіндік болмаған экскурсияларды географиялық үйірмелердің ұйымдастырып өткізуіне болады. Осы экскурсиялар жөніндегі баяндамалар және одан жиналған материалдар көрмесі, экскурсияға қатынасқандар түгіл басқа оқушыларға да көп көмек көрсетер еді. Бүкіл сыныппен бірге өткізілген географиялық экскурсиялардың жұмысын қорытып өңдеу (маршрут сипаттамасын, маршрут картасын жасау, чертеждар мен суреттерді сұрыптау, өткізілген жұмыстарды, экскурсияның жұмысын сипаттау, ақырында альбом немесе иллюстрацияланған дәптер түрінде «Экскурсияның есебін» толық тәртіпке келтіру) осы үйірмелерге тапсырылады.

Үйірмелер жұмысының ең көңілді және оқушыларды қызықтыратын бір түрі - географиялық кештер. Жалпы мектеп шағындағы ең қызықты естеліктер, ұйымдастырылған кештермен сипатталады. Географиялық кештерді ұйымдастыруда ешқандай қиындық тумайтыны сөзсіз. Себебі география пәні өзінің көпсалалығы мен қамтитын ауқымы мен және көпшілікке қызықты болып көрінетін, толассыз статистикалық мәліметтерімен ерекшеленеді. Үйірмелердің келесідей пайдалы тұстарын қарастыруға болады:

- Білім тұрғысында: Әртүрлі елдер мен олардың мәдениеттерімен танысуға болады. Өзге дәстүрлермен және тәжірибелермен жақындасып, ой-өріс ауқымын кеңейтуге жағдай қалыптастырады.

- Тіл дағдыларын дамыту: Ана тілден басқа да әлемдік мағызға ие тілдермен танысып, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға мүмкіншілік туғызуға болады және тіл үйренуге деген оқушылардың ынтасын күшейтеді.

• Сайыстар ұйымдастыру: Оқушылардың бәсекелестік қабілеттерін арттырып, шапшаң ойлау қабілеті мен шешім қабылдау дағдыларын жаңа деңгейге көтереді.

Географиялық кештерде: пікірсайыстар өткізуге, шағын қойылымдар қоюға, интеллектуалды ойындар ұйымдастыруға болады

Осылайша, мектептегі географиялық кештер ашық және толерантты білім беру ортасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, әлеуметтік дағдыларды дамытуға және мәдениетті көтеруге ықпал етеді.

Экскурсияға қорытынды жасау ретінде кішірек көрме ұйымдастыру қажеттілігі туындайды. Көрмелердің оқушылар үшін де, мұғалім үшін де маңызы зор екені тәжірибе жүзінде байқалды. Мұндай көрмелердің, жалпы алғанда, мектеп үшін де маңызы үлкен. География көрмелері білім алушыларға материалдармен және объектілермен тікелей әрекеттесу мүмкіндігін береді, бұл тереңірек білім алуға ықпал етеді. Оқушылар әлемнің әртүрлі аймақтарының географиялық ерекшеліктерін жақсырақ түсіну үшін карталарды, экспонаттарды, артефактілерді және басқа материалдарды дәл осы көрмелерде тамашалай алады. Географиялық көрмелер абстрактілі ұғымдарды елестетуге көмектеседі, оларды оқушыларға қолжетімді және түсінікті етеді. Бұл әсіресе тек мәтіндік ақпарат негізінде географиялық объектілер мен процестерді елестету қиынға соғатын мектеп оқушылары үшін өте маңызды. Географиялық көрмелерге бару оқушылардың сыни ойлауын дамытуға көмектеседі, өйткені олар ұсынылған ақпаратты талдап, бағалауға, әртүрлі көзқарастарды салыстыруға және алған білімдері негізінде қорытынды жасауға ұмтылатын болады.

Жалпы мектептегі географиялық көрмелердің оқу-тәрбие үрдісін байытуда, оқушылардың мәдениетін дамытуда және қоршаған әлемді танып-білуге қызығушылығын оятуда маңызды рөл атқарады. Олар білім алушыларға өмірдің географиялық аспектілерін жақсырақ түсінуге және бағалауға көмектеседі, бұл олардың жаһандық білімі үшін маңызды болып табылады.

Келесі кезекте өлкетану үйірмесін қарастырамыз. Өлкетанулық жұмыстарға: экскурсиялар өткізу, коллекциялар, әдебиет және картографиялық материалдар жинау, өз өлкесінің географиялық сипаттамаларын жасауды жатқызамыз.

XIX ғасырдың екінші және XX ғасырдың бас кезінде тәжірибе ретінде географияны өлке тануға негіздеп оқыту ең жақсы деген мектептерде қолданыла бастады және ол тәжірибе толық ақталып шықты. Алайда көпшілік мектептерде, әсіресе орта мектептерде, географияны оқыту тәжірибесінен алатын болсақ, бұл жоба барлық жерде бірдей тиісті түрде жүзеге асырылып отырмағанын байқаймыз.

Қазақстан ландшафтысы ауқымы мен географиялық ерекшеліктеріне байланысты алуантүрлілігімен ерекшеленеді. Осындай сан алуан ерекшеліктерді анықтау, жас жеткіншектер үшін қызыққа толы екені сөзсіз. Бұл жағдайда өлкетану пәні өзің туған, өніп-өскен жерінді танып-білуге, зерттеуге үйретеді. Зерттеу нәтижесінде жинақталған өлкетанымдық материалдар арқылы әр адамда өзіндік географиялық көзқарас қалыптасады. Сабақ барысында туған өлкеде табиғат құбылыстарын бақылау, тәжірибелік жұмыстар, туристік экскурсиялар, зерттеулер жүргізіледі. Өлкетанымдық ұстаным география пәнін белгілі нәрсе арқылы, яғни білмейтініңді анықтау, жақын дүниені білу арқылы алысыңды тануды оқытуға дағдыландырады. Өлкетану пәні келесідей қасиеттерді дамытуға мүмкіншілік береді:

- Оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелейді.
- Туған өлкенің тарихын, жер бедерін, табиғатын зерттеп танысу арқылы географиялық білімін тереңдетеді.
- Жекелеген оқушының пәнге сүйіспеншілігін арттырып, олардың келешек мамандық таңдауларына көмектеседі.

Не дегенмен үйірме жұмысының көп жағдайында шешуші факторы болып мұғалімнің өзі табылатындығы рас. Оқу жұмысына көбірек көңіл бөлетін тәжірибелі мұғалімдердің үйірмелері қашан да болса қызықты болып өтеді. Егер мұғалімнің өзі география жөнінде жаңадан шыққан кітаптарды, географиялық түрлі жаңалықтарды қарап жүрмейтін болса,

географияны оқыту әдістерінің дамуын қарастырмайтын болса, үйірмеге басшылық ету оған қиындыққа соғады. Балаларға қосымша білім беру - білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үрдісі, үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Жас буынға қосымша білім беру жүйесі салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттіліктерін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ақашева Ә.С., Дүйсебаева К.Ж. А 97 Географияны оқыту әдістемесі: оқу-әдістемелік құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 175 б. ISBN 978–601–04–0035–1
2. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. М., 2002.
3. <https://qarmaqshy-tany.kz/zholldaua-oldau/15344-yrme-ner-bastauy.html>
4. <https://bilimger.kz/30427/>

ӘОЖ 372

ГЕОГРАФИЯДА ТУРИСТІК ӨЛКЕТАНУ ҮЙІРМЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Қазбек Нұрсезім Сабитқызы

kazbeknursezim@mail.ru

География педагогтерін даярлау ББ білім алушысы, Жаратылыстану ғылымдары факультеті,
Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: М.Н. Мусабоева

Қазіргі таңда, география мұғалімдерінің кәсіби қызметінде туристік - өлкетану іс-әрекеттері маңызды рөл атқарады, оған дайындық қазіргі заманның қажеттіліктерін ескере отырып, құзыреттілік тәсіл негізінде жүргізілуі керек. Жоғарыда аталған зерттеулер контекстінде біз туристік - өлкетану іс-әрекеттері болашақ география мұғалімдерінің тұрақты танымдық қызығушылығын, туған өлкенің ерекшеліктерін зерттеуге құндылық қатынасын қалыптастыру, практикалық өлкетану міндеттерін орындау үшін білім жиынтығын алу процесі (туризм және өлкетану ақпарат көздерін талдау, зерттелетін аймақтың картасын жасау, жиналған өлкетану материалын ұсыну, есепті дайындау, туристік жорықтың табиғи жағдайында әр түрлі міндеттерді орындау, маршрут әзірлеу, жорық техникасы мен тактикасын меңгеру және құзыретті болу және т.б. және оқытушы мен студенттің танымдық, зерттеу әрекеттерін жүзеге асыруға бағытталған іс-қимыл жүйесі ретінде түсінеміз.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ұйымдастыру кәсіби қызметтің кәсіби бағытының ерекшелігіне сәйкес студенттермен туристік - өлкетану іс-әрекеттерін география мұғалімі жүргізуі керек екенін дәлелдейді. Аталған зерттеулерде «туған өлке», «туризм» және «өлкетану» ұғымдары, олардың өзара байланысы, мінез-құлық формалары, функциялары қарастырылады, ал «өлкетану принципі» оқытудың негізгі принциптерінің бірі ретінде анықталады. Біздің ойымызша, бұл қазіргі заманғы мамандар даярлаудың маңызды аспектісі құзыреттілік тәсілге негізделген болашақ география мұғалімдері болып табылады. «Туризм», «өлкетану», «өңір», «туған өлке», «туристік және өлкетану жұмыстары», «болашақ мұғалімдерді даярлау» ұғымдарының мазмұнын жалпылау «болашақ география мұғалімдерін туристік - өлкетану жұмыстарына дайындау» ұғымының мәнін анықтауға мүмкіндік берді.[3] Педагогикалық үдеріс болашақ география мұғалімдеріне туризм және өлкетану саласына қажетті білім, білік және дағдыларды игеруге бағытталған, туған өлкенің ерекшеліктерін